

## ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ЕНГІЗУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

**Нұрбекова А.М. Қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы**

*Жаркент жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі*

*Жаркент қаласы*

[mataiaidar@mail.ru](mailto:mataiaidar@mail.ru)

### Түйіндеме

**А.Нурбекова. Техникалық және кәсіптік білім беру саласына инклюзивті білім беруді енгізудің өзектілігі**

Мақалада техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне инклюзивті білім берудің ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттер үшін маңызы айтылады. Инклюзивті білім беру арқылы оларға кәсіп үйрету, мамандандыру және әлеуметтендіру бағытында жүргізілетін жұмыстар баяндалады. Сонымен қатар, инклюзивті білім беруді колледждерде ұйымдастыру жолдары, оның студент, ата-ана, мемлекет үшін артықшылықтары атап көрсетіледі.

**Түйінсөздер:** инклюзив, қолжетімді орта, әлеуметтендіру, мамандық алу, қолдау қызметі.

### Резюме

**А.Нурбекова. Актуальность внедрения инклюзивного образования в систему технического и профессионального образования**

В статье раскрывается важность внедрения инклюзивного обучения для студентов с особыми образовательными потребностями в сфере технического и профессионального образования. Автор говорит, что таким студентам необходимо привитие профессиональных навыков и их социализация. Наряду с этим показаны способы организации инклюзивного обучения в колледже, его преимущество во взаимодействии с родителями и обществом.

**Ключевые слова:** инклюзив, доступная среда, социализация, иметь специальность, служба поддержки.

### Summary

**A.Nurbekova. The actuality of inclusive education in the sphere of technical and professional education.**

The article highlights the importance of implementation of inclusive education for disabled students in the sphere of technical and professional education. The author says that it is necessary to cultivate professional skills and their socialization. Besides this it is shown the ways of organization of inclusive education in college, its advantages in interaction with parents and society.

**Key words:** inclusive, available sphere, socialization, to get a profession, support service.

Біздің мемлекетімізде білім алу мен білім беру стандарттарын меңгеріп, тең мүмкіндіктерге ие болуды қамтамасыз етуде адами капиталдың рөлін арттыруға ерекше мән беретін саясат жүзеге асырылуда. ҚР Үкіметінің 1994 жылы БҰҰ-ның «Бала құқығы туралы» Конвенциясын ратификациялауына, Бас ассамблеяның 2006 жылғы 13 желтоқсандағы «Мүгедектер құқығы туралы» Конвенциясына, ҚР Конституциясына, «Білім туралы» Заңына, «Қазақстан Республикасынағы бала Құқығы» туралы және басқа да қолданыстағы құжаттарға сәйкес, елімізде барлық балалардың білім алуға тең құқылығы қарастырылған. ҚР Үкіметі барлық балалардың білім алу мүмкіндігі мен тең құқылығын қамтамасыз етуді кезең-кезеңімен жүзеге асыру мақсатында 2016-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында білім берудің барлық деңгейлерінде инклюзивті

білім беруді дамытуды маңызды міндеттердің бірі ретінде атап көрсетті. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру мәселесі төңірегінде 2009 жылы Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы әзірленді [1]. Республикадағы инклюзивті білім берудің негізгі мақсаттарының бірі – Ерекше Білім Беру Қажеттілігі бар (ары қарай-ЕББҚ) тұлғаларды әлеуметтендіру және мамандық игеру мақсатында техникалық-кәсіптік білім деңгейінде оқытуға жағдай жасау. Инклюзивті білім беру – бұл арнайы ұйымдастырылған, ЕББҚ студентке өз қатарымен бірге, оның ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, жалпыға бірдей білім беру стандартының бағдарламасымен білім беру үрдісі. Мұнда ең басты нәрсе – өз қатарластарымен бірге білім және әлеуметтік тәжірибе алуы. Бұл-тек мамандарды ғана емес, қоғамның қалың қауымының назарын аударатын педагогикалық білімнің жаңа саласы.

Шетелдерде даму мүмкіндіктері шектеулі адамдардың кәсіптік білім алуына, табыс табуына, қоғамдық өмірге араласуына көп көңіл бөлінеді. Олармен арнайы оқу орнын бітірген соң жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ететін қажет мамандыққа, күзінеттілікке, дағдыға үйрететін курстар, бағдарламалар (кәсіптік, кәсіпалды, өтпелі) ұйымдастырылады. Бұл - экономикалық мақсаттылықпен байланысты, өйткені олардың білім алу шығындары кейіннен жұмыс істеп жатқан білікті маманның төлейтін салығы ретінде қайтып оралады және мемлекетті оларға жәрдемақы төлеуден құтқарады.

Біздің мемлекетте мектепке дейінгі және мектептегі арнаулы (түзету) білім беру жүйесі инклюзивті білім беруге әзірленген және жүйелі жұмыс істейді. Бұл үрдіс 1994 жылы Испанияның Саламака қаласында өткен, әлемдегі 92 ел мен 25 халықаралық ұйым қатысқан жиынға Қазақстан Республикасының қатысуымен және Саламан декларациясы деп аталатын құжатты мақұлдауымен, ратификациялауымен басталады. Саламан Декларациясына сәйкес инклюзивті білім беру саясатының міндеттері мынадай:

- Әрбір бала білім алуға құқылы және оны алуға тиіс.
- Әрбір баланың дара қабілеттері, қызығушылықтары, қажеттіліктері және оқуға деген мұқтаждықтары болады.
- Білім беру жүйесіне оң өзгерістер, яғни осы мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатына орай өзгерту [2].

2017 жылы инклюзивті білім берудің шетелдік және отандық озық технологияларын техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына енгізуде тәжірибе алмасуды іске асыру мақсатында, Қарағанды техникалық-құрылыс колледжінде «Инклюзивті білім беру: Қазақстан Республикасында дамытудың қазіргі жағдайы мен болашағы» атты халықаралық семинар өткізіліп, төмендегі ұсынымдар анықталды:

- ✓ 19.01 2012 жылғы ҚР Ү №130 «Техникалық және кәсіптік білім беруді жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдаудың Үлгілік ережелерін бекіту туралы» Қаулысына өзгерістер енгізу (ЕББҚ талапкерлердің категорияларын анықтау, қандай категориядағы талапкерлер оқытылуға жатпайды.)
- ✓ Ауыруларды ескере отырып, колледждерде ЕББҚ студенттерді даярлауға жататын мамандықтар тізбесін анықтау;
- ✓ Ақыл-ой кемістігі бар студенттерді оқыту мәселесі мен оқу мерзімін кемістік категориясы мен мамандықтар бойынша қарастру,
- ✓ ҚР Ү 30. 01. 2008 жылғы №55 «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штатын және педагогикалық қызметкерлердің және оған теңестірілген тұлғалардың лауазымдары тізбегін бекіту туралы» Қаулысына өзгерістер енгізу, инклюзивті білім беру бағдарламасымен жұмыс атқаратын колледждердің штаттық кестесіне төмендегі бірліктерді енгізу: мейірбике, сурдопедагог, тьютер, дефектолог, инклюзивті бөлім әдіскері, психолог, инклюзивті білім беру бойынша директордың орынбасары
- ✓ Республикалық оқу-әдістемелік бірлестік құру (Қарағанды колледжінің базасында)
- ✓ ЕББҚ студенттер үшін арнайы жұмыс орындарын жабдықтау мен әлеуметтік жағдай туғызуды реттейтін Ережелер құру;
- ✓ Үлгілік бағдарламаларды әзірлеу үшін жұмыс тобын құру,

✓ ЕББҚ студенттерімен жұмыс істеу үшін бағалау жүйесінің заманауи әдістерін әзірлеу және енгізу; ( осындай 20 пункттен тұрады)

ҚР ТЖКБ жүйесінде инклюзивті білім беруді алғашқылар болып бастаған Қарағанды және Павлодар тәжірибелері Инклюзивті білім берудің негізгі 3 бағытын анықтады:

- 1) Негізгі нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 2) Кедергісіз орта құру үшін арнайы жағдайлар мен материалдық техникалық база құру;
- 3) ТЖКБ оқытушылары мен оларға теңестірілген тұлғаларға психологтық-педагогикалық жағдайды жақсарту мақсатында біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу;

«Кәсіпқор» Ходингі» КЕАҚ жоғарыда аталған бағыттарды іске асыруда. Алматы облысында аталған тақырып бойынша алғашқы біліктілік арттыру курсы Талдықорған политехникалық колледжі базасында 2018 жылғы 29 қазан 09 қараша аралығында өткізді.

«Кәсіпқор» Ходингі» КЕАҚ 2018 жылы [www.kasipkor.kz](http://www.kasipkor.kz) сайтында (білім беру бағдарламалары, әдістемелік көмек) «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін арнайы оқу бағдарламаларын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар» жариялады. [4].

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде инклюзивті білім беруді сапалы жүзеге асыру үшін бірнеше маңызды шараларды іске асыру қажет:

1) ЕББҚ тұлғаларға толыққанды кәсіби білім беруді дамытуда ең алдымен – **талапқа сай материалдық базаның болуы**. Бұған студенттің білім беру ұйымындағы инфраструктураларға кедергісіз жетуіне арналған архитектуралық жағдайлар, мекемеде білім алатын студенттердің қажеттілік санаттарына қарай санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы (арнайы жабдықталған гардеробтар, санузелдер, жеке гигиена орындары және т.б.), арнайы жабдықталған кеңістіктің, студенттің жұмыс орнының болуы; т.б. жатады. Білім мекемесінде ерекше білім беру жағдайы мен материалдық – техникалық база болуы студент денсаулығының санаты мен таңдаған мамандығының ерекшелігіне байланысты болады. Мысалы, есту және сөйлеу қабілеті бұзылған студенттер үшін материалдық-техникалық қамтамасыз ету сол студенттердің білім мен тәрбие алуы үшін маңыздылары - дыбыскүшейткіш құралдар, интерактивті жабдықтар және басқа да оқыту құралдарының болуы міндетті. Жүріп-тұру мүшелерінің бұзылуы бар студенттер үшін оқу кабинеттерінің 1 қабатта, жүріп-тұру мүшелерінің бұзылу дәрежесіне қарай арнайы парталардың болуы. Ал сал ауруына (ДЦП) шалдыққан студенттер үшін ең маңызды жағдай кедергісіз архитектуралық ортадан басқа бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді ерекше ұйымдастыру қажет. Ал оқу-педагогикалық үрдісті ұйымдастыру студенттің операциялық-әрекет ету мүмкіндіктерімен сәйкес келетін студентке лайықталған білім бағдарламасын даярлау арқылы жүзеге асады.

2) Екінші, инклюзивті жағдайда жұмыс істеуге әзір **кадрлық әлеуеттің болуы**. Инклюзивті мекеме қызметкерлерінің жоғары деңгейдегі кәсіби және әлеуметтік даярлығы, толеранттылығы болуы және өзінің кәсіби қызметін рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде құра білуі тиіс. ЕББҚ студенттермен жұмыс істеу негіздерімен қаруланған педагогикалық ұжым - курстық даярлықтан өткен, ЕББҚ студенттердің қорқыныш-мазасыздық деңгейін төмендетуге, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға арналған кешенді психология-педагогикалық және дәрігерлік-әлеуметтік жүйесі бар білім беру мекемесі. Есту және сөйлеу жүйесі бұзылған студенттерді оқыту үшін ұжымда дефектолог, сурдопедагог болуы міндетті. (Колледж педагогтары кезекті демалыс кезінде тәжірибелі сурдоаудармашы-педагогтан сабақ алып, ымдау тілін үйренуге болады.) [4].

3) **Оқу бағдарламасы мен модульдерді (пәндерді) лайықтау (адаптация)**. Бұл мәселе әр пән, әр тақырып бойынша жекелеген детальды жұмыстарды талап етеді.

4) **Әлеуметтік серіктестердің болуы**, олар: қалалар мен облыстардағы арнайы мектептер және түлектерді жұмысқа орналастыру мақсатында келісім-шарт негізінде жұмыстар жүргізетін практика базалары.

Ең алдымен, қала немесе облыстағы мүгедек балаларға арналған арнайы мектептермен түзету-оңалту орталықтарымен қарым-қатынас орнатып, келісім-шарт

негізінде кәсіби бағдар жұмыстары жүргізіледі. Колледж педагогтары оқу жылы бойында мектеп-интернаттың сабақтарына да қатысып, балалардың қандай мамандыққа қызығушылықтары мен бейімі бар екендігін анықтап, шығармашылық емтихандарға комиссия мүшелері ретінде қатыса алады, Біздің қоғамда қаншама ЕББҚ бала үйде отыр, олардың қолынан көп нәрсе келеді, алайда оларды әлеуметтендіру (социализация), қоғамға кедергі емес, қажет екендігін сезінуге мүмкіндік алуы үшін кәсіпке үйрету, қорқынышты сейілту қажет. Бұл да колледждің кәсіби бағдар жұмысының бір бағыты бола алады.

Осындай жұмыстар арқылы колледжде инклюзивті топ ашу жөніндегі қорқынышты сейілтуге, педагогикалық коллективтің рухани-адамгершілік бағытындағы деңгейін көтеруге болады. Кадрлар қажеттіліктеріне бағытталған аймақтық, жергілікті жағдайлар және оқуға тілек білдірушінің психикалық дамуының дара ерекшеліктерін, денсаулығын, мүмкіндіктерін ескере отырып, сонымен қатар жеке еңбек қызметі үшін оның дайындығына кіретін еңбек профилін таңдау кезінде және олардың ата-аналарының (немесе заңды өкілдерінің) қалаулары негізінде жүзеге асырылады.

Қолданыстағы нормативке сәйкес, колледжде инклюзивті білім беру бойынша «әдіскер-координатор» лауазымы болуы тиіс. ЕББҚ студенттердің білім алу әрекетін куратор және әлеуметтік педагог жетекшілікке алады.

Инклюзивті білім берудің тиімділігінің ең басты критерийі- әлеуметтендірудің табыстылығы, мәдениетке талпыну, студенттің өз қатарластарымен әлеуметтік қарым-қатынас тәжірибесінің дамуы. Сондықтан бірге оқытуды ұйымдастыру тек ЕББҚ студенттерін білім беру үрдісіне тарту ғана емес, әрбір студенттің жекелеген ерекшеліктері мен қабілеттері ашылатын, барлық студенттермен тығыз қарым-қатынас орнату әдісі болып табылатын колледждің қоғамдық өміріне қатысуы болып табылады. Бұл-тәрбие жұмысы.

Педагог кадрлармен ұйымдастырылатын жұмыстар:

Білім беруде кіріктірілген үрдістердің дамуы, әсіресе инклюзивті білім беруде педагогтың кәсіптік құзіретін көтеруді, әсіресе пәнаралық мамандар командасы болып білім беру қажеттілігін қалыптастырады. Мұның барлығы педагогикалық коллективпен жұмысты жаңаша ұйымдастыруды талап етеді. Педагогқа әрбір баланың жекелеген ерекшеліктерін ескере отырып түсіну және оны қабылдау өте маңызды. Баланы тұлға ретінде қабылдағанда ғана оның жағымды жеке қасиеттерін тәрбиелей, дамыта аламыз.

Педагогтың кәсіби дамуының басты шарты – оның өзіндік санасының деңгейін үздіксіз көтеріп отыруы. Кез келген болашақ немесе бүгінгі кәсіби маманның психологиялық негізінде бағытталу, икемделу және құзіретті болу сияқты 3 негізгі қасиет үлкен рөл атқарады. Бүгінгі педагогтан білім беру ортасында қалыптасқан оқу-тәртіптік үлгіден студентпен тұлғалық қарым-қатынас үлгісіне, мәжбүрлеп оқытудан студенттің ішкі қозғаушы күшін ояту тәсіліне көшуге ауысу талап етіледі [3].

Педагогтармен жүргізілетін негізгі ұйымдастыру жұмыстары – семинарлар, семинар-практикумдар, шеберлік сыныптары, ғылыми-практикалық конференциялар, іскерік ойындар, педагог шеберлігінің шығармашылық апталары, өзара сабаққа қатысу, ашық сабақтар және т.б.

Білім беру-тәрбиелеу ортасы оқу, тәрбие, түзету, және кәсіби даярлық деген блоктардан тұрады. Әрбір оқытушы өз пәні бойынша мазмұнды қызықты орта құруға ниетті болуы тиіс.

Инклюзивті тәжірибені бастаған педагогта алғашқы кезеңде «қолымнан келмеуден» қорқу, құзіретті бола алмай қалу, жалғыз қалу, көмек ала алмау немесе қолдаудың болмай қалуы сияқты қорқыныштар болады. Осыған орай педагогтарды қолдаудың екі мазмұнды бағыты болуы тиіс:

- Психологтық-педагогикалық құзіреттілігін арттыру (жаңа арнайы білімді игеру, педагогикалық қызметінің нәтижесіне жауапты болу, ресурстарға сүйену, кәсіби болашағын көре білу)

- Инклюзивті тәжірибені іске асыратын мамандар командасымен жұмыс істеу (ақпарат алмасу, оқу үйрену, педагогикалық жағдаяттарды шешуде қолдау, біріккен жұмыстар жүргізу)

Педагог міндетті:

- ЕББҚ студенттің ерекшелігін қабылдауға (мысалы, қосылуы қиын, қасына барып, тұру керек)
- ЕББҚ студенттің проблемасын байқауға (жазып үлгермейді, көре алмайды, айтатын кезде үндемей қалады)
- ЕББҚ студентті білім беру үрдісіне қосуда өз жауапкершілігін толық мойнына алуға;
- ЕББҚ студентпен, оның ата-анасымен, мамандармен қарым-қатынас жағдайларында өз сезімдерін басқара және талдай алуға.

Колледжде құрылған жұмыс тобы ЕББҚ студенттің ата-анасымен (заңды өкілімен) және педагогтармен кеңес беру және ақпараттық ағарту жұмыстарын жүргізеді. Осы жұмыс барысында жеке оқу жоспары, МТБ жағдайы, психологиялық, әлеуметтік- диагностикалық жұмыстар, үш жақты талданады. Егер педагог, ата-ана бір бағытта жұмыс істемесе, аққу, шортан һәм шаян секілді болады. Колледж әлеуметтік педагогы ЕББҚ студенттің әлеуметтік педагогикалық диагностикасын жүргізеді.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруде оқу-әдістемелік кешенді қалыптастыру жолдары:

Студенттің анықтамалық жолсілтеуіші-колледжге келген ЕББҚ студент ең алдымен танысатын құжат. Ол ЕББҚ студентке колледж туралы жалпы ақпарат береді.

Жеке оқу жоспары – белгілі бір мамандық пен біліктілік деңгейінде Үлгілік оқу жоспарының негізінде, колледжде жасалған жұмыс оқу жоспарын басшылыққа ала отырып студенттің әрбір оқу жылына жеке жасалатын құжат. Жеке оқу жоспары студенттің ерекше жағдайы мен колледждің материалдық, педагогикалық, оқытушылық әлеуетін ескере отырып, жақсартып, теориядан гөрі тәжірибелік жағына басымдылық бере отырып жасалады.

Білім мазмұнының ажырамас бір бөлігі-студенттің жетістіктерін бағалау. Ондаған жылдар бойы бағалау топтағы басқа студенттердің жетістіктерімен салыстыра бағаланып келді. Мұндай бағалаудың көптеген кемшіліктері бар және инклюзивті білім беру жағдайында ол өте қате әрі тиімсіз болады. Модульдік-күзиреттілікке негізделген жаңартылған білім бағдарламасы жағдайында критериалды бағалаудың бірыңғай технологиясына қол жеткізді. Яғни, студенттің жекелеген жетістіктерін қажетті күзиреттердің қалыптасу деңгейін анықтайтын нақты критерийлерге қарай бағалау қажеттілігі туындады. Критериалды бағалау – ЕББҚ студенттің жетістіктерін білім мазмұнының мақсаттарына, оқу-танымдық күзиреттерге сәйкес келетін критерийлермен салыстыру. Критерилер дескрипторлармен анықталады, әрбір нақты жұмысты орындаудың әрбір қадамы (немесе дескриптор) арқылы студент орындау мақсатына жетеді. Қалыптастырушы бағалау- күнделікті сабақ барысында немесе үйде ағымдағы білім мен дағдыны меңгеруді бағалау. Қалыптастырушы бағалау арқылы студент қойылған мақсат пен міндеттерді қаншалықты дұрыс орындап келе жатқанын түсінеді. Жиынтық бағалау – оқу тақырыбының тарауын немесе бөлімін аяқтауда жинақталған білім мен дағдалылар деңгейін анықтауға арналған. (тестер, бақылаулар, жобалар және т.б.) Жиынтық бағалауды педагог немесе колледж әкімшілігі жүргізеді. Бағалар критерилер бойынша қойылады. Бағалау критерийлерімен оқу үрдісіне қатысты тұлғалардың (студент, оқытушы, ата-ана) танысуына қолжетімді болады.

ЕББҚ студенттер үшін инклюзивті білім берудің артықшылықтары:

- Арнайы мектептерге қарағанда инклюзивті білім беру мекемелеріндегі ЕББҚ студенттер жоғары деңгейдегі әлеуметтік қарым-қатынас жасай алады.
- Инклюзивті ортада мүгедек жасөспірімнің әлеуметтік күзиреттілігі және қарым-қатынас жасау дағдысы жетіле түседі.
- Инклюзивті ортада ЕББҚ студенттеріне арналған бағдарламалар барынша толыққанды болады, нәтижесінде олардың дағдылары мен академиялық жетістіктері жақсарады.
- Инклюзивті ортада ЕББҚ студенттерді әлеуметтік деңгейде қабылдау жақсара түседі. Шағын топтарда тапсырмаларда орындау, бірлесе жобалар даярлау барысында студенттің

мүгедектігі ұмытылып, бірте-бірте денсаулығы қалыпты студент пен мүгедек студент арасында тосқауыл жойылады.

#### Инклюзивті білім берудің қалыпты студенттер үшін артықшылықтары:

- Қалыпты және талантты студенттер үшін инклюзивті топта болу олардың табысты білім алуы үшін қауіпті емес.

- Инклюзивті топтарда оқыту сапасына ерекше мән беріліп, жаңа технологиялардың барынша тиімді қолданылуы қалыпты және талантты студенттер үшін де тиімді болады. Мысалы, ЕББҚ студенттер үшін қажетті ақпараттық технологияларды және программаларды олардан босаған уақытта пайдалана алу мүмкіндігі.

- Инклюзивті топтарға арнайы бағдарламалар, қайырымдылық қорлары арқылы бөлінетін қаржылық ресурстар ЕББҚ студенттермен қатар қалыпты және талантты студенттерді де қолдау мақсатында жұмсалады. Мысалы, топқа қосымша оқыту құралдарын алу, саяхаттар ұйымдастыру, шеберлік сыныптары немесе атақты адамдармен кездесулер ұйымдастыру, т.б.

- Инклюзивті топтарда білім беруде қолданылатын арнайы әдістемелік тәсілдер қалыпты және талантты студенттер үшін өз «Менін», өзіндік қағидаттарын, әлеуметтік білім мен өзін-өзі ұстауын қалыптастыруы үшін өте тиімді,

- Инклюзивті топтарда білім алатын қалыпты және талантты студенттер Брайл немесе ымдау тілін арнайы ашық мәтіндік дәрежеде оқып-үйренеді, болашақ өмірінде ол тілді білудің көптеген артықшылықтарын сезіне алады.

- Инклюзивті топтарда білім алатын қалыпты және талантты студенттер мүгедектігі бар жолдастарын сыйлауды, бағалауды үйренеді.

Алайда, ТжКБ саласында ЕББҚ студенттерінің арнайы кәсіби дайындығы үшін өз деңгейінде қалыптастырылған жүйе әлі жоқ деуге болады. Жасөспірімдерді техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде мамандыққа даярлауда оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруға, даму бұзылушылығының категорияларына қарай кәсіп түрлерін ұсынуға арналған әдістемелік ұсынымдар мен талаптар, арнайы медициналық нұсқаулар жоқ. Бұдан басқа мемлекеттік тілде оқу-әдістемелік кешеннің жоқтығы, инклюзивті топта білім беруге даяр оқытушылардың болмауы, ЕББҚ студенттерге арналған арнайы пәндерді оқытудың бірыңғай әдіснамасының болмауы, бизнес өкілдері мен әлеуметтік серіктестер тартудағы қиындықтар, оқыту базасының (МТБ) жеткіліксіз қаржыландырылуы сияқты қиындықтарды атап өтуге болады.

Ұлыбритания мемлекетінде Тони Блэр үкімет басқарып отырған уақытта ішкі істер министрі болған тума соқыр, атақты Дэвид Бланкет: «Ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім беру мемлекет үшін ең негізгі міндеттердің бірі. Бұл әрбір адам өзінің қоғамға қатыстылығы мен қажеттілігін сезіне алатын шын мәніндегі инклюзивті қоғам құрудың алғышарты болып табылады. Біздер әрбір балаға, оның қажеттіліктері мен басқа да жағдайларына қарамастан өз әлеуетін іске асыруға, қоғамға пайтасын тигізуге және оның толыққанды мүшесі бола алуына мүмкіндік беруге тиіспіз» - деген екен. Біздің елімізде де аз емес осындай балаларға жан жылуымен қатар кәсіп үйретіп, мамандық меңгеруге, қоғамда өзін қажетті сезінуге, жәрдемақыға қарап отыратын адамнан өзі-өзі қамтамасыз ете алатын тұлға ретінде өмір сүруге мүмкіндік беру – бүгінгі техникалық және кәсіптік білім беру саласының алдындағы үлкен міндет.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 01.03.2016ж. №205 Жарлығы).

2. Саламан Декларациясы ЮНЕСКО 1994 ж 6 Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования. Париж, ЮНЕСКО, 2009г.

3. «Инклюзивті білім берудің даму ерекшеліктері: халықаралық тәжірибе және отандық практика», халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы, 21 қыркүйек 2017 ж. Қазақстан, Астана қ.

4. «Методические рекомендации по разработке специальных учебных программ для лиц с особыми образовательными потребностями», НАО «Холдинг «Кәсіпқор» (договор №160/ГЗ от 18 апреля 2017г),
5. <http://zkoipk.kz/c1/401-conf.html>